



«Евразийский национальный  
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский  
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,  
аудита и статистики

**«Международные стандарты учета и аудита: ключевые  
изменения и нюансы перехода в условиях цифровой  
экономики»**

**Сборник статей Международной научно-практической  
конференции 17 февраля 2023 г.**

Астана



УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом  
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

**Рецензент** – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

**Научные редакторы:**

PhD, доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.  
заместитель заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН,  
кандидат экономических наук Сорокина Л.Н.

**П78** «Международные стандарты учета и аудита: ключевые изменения и нюансы перехода в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 17 февраля 2023 г. – Астана: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2023. – 522с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 17 февраля 2023 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте [www.enu.kz](http://www.enu.kz)

*Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.*

© Коллектив авторов, 2023  
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2023  
© РУДН, 2023

ISBN 978 601 337 121 4



### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» 2021ж. - 28 қыркүйек.
2. 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-ІІІ ҚР-ң «Бухгалтерлік есеп және қарғылық есеп беру туралы» Заңы.
3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 85-VII Заңы
4. А.Қ.Шарипов «Салық есебі». Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2009ж.
5. Нұрақым Райхан «Шағын кәсіпкерлік: кеше мен бүгін» // Ақиқат №5 – 2005 – 46-47б.
6. Қарабаева Қ., Глеубергенова М. «Қазақстан Республикасында шағын бизнесті дамыту».
7. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы.

## **ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАРДА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША САЛЫҚ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ**

*Қабдолова Жансая Сакенқызы,  
2 курс студенті «Экономика» факультеті*

*«Есеп және аудит» мамандығы  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.Т. Бекбулатова*

*Аннотация. Бұл мақалада салық режимі, олардың түрлері және қалай қолданылатындығы қарастырылады.  
Кілт сөздер: бухгалтерлік есеп, салық режимі, шағын кәсіпорындар.*

### **TAX ACCOUNTING AT SMALL ENTERPRISES ACCORDING TO THE SIMPLIFIED ACCOUNTING SYSTEM**

*Kabdolova Zhansaya Sakenkyzy  
A 2th year student in Economics  
"Accounting and Auditing" profile  
Faculty of Economics*

*L.N.Gumilyov Eurasian National University  
Kazakhstan*

*Annotation. This article discusses the tax regime, their types and how they are used.  
Key words: accounting, tax regime, small enterprises.*

Шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін табыс етудің тәртіптерін дербес таңдауға құқылы. Олар жалпыға бірдей белгіленген тәртіп, патент негізіндегі арнаулы салық режимі және оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі. Кәсіпорындар осы салық режимдері негізінде салық есебін жүргізеді.

Қазіргі нарықтық жағдайда еліміздегі өзекті мәселелердің бірі – шағын кәсіпкерлікті дамыту. Өйткені ол әлеуметтік-экономикалық мәселелерді дамыту бағдарламасын шешу барысындағы қуатты тұтқалардың бірі болып табылады.

Республика Президенті Қ.К.Тоқаев кәсіпкерлікке барынша қолдау көрсету мәселелеріне айрықша көңіл бөлуде. Мемлекет басшысы өз бетінше кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін азаматтарға қолайлы жағдай жасалуына жоғарғы талап қойып, оларға мемлекеттік қолдау шаралары қолжетімді болуын қамтамасыз етуді қарастырып отыр. Жекеленген дамыған елдерде шағын кәсіпкерлік өнеркәсіп өндірісінің 50-70 пайызын құрса, онда жұмыспен қамтылғандардың саны 60-80 пайыз аралығында. Біздің елімізде де қазіргі таңда экономиканың аталмыш секторындағы субъектілердің саны күн санап өсуде және оның дамуына көп көңіл бөлуде [1].

Шағын кәсіпорындарға жоғарыда айтып кеткендей маңыздылық берудің себебі: ол нарықтық экономиканың маңызды элементі негізінде қарастырылады, онсыз мемлекет жан жақты дами алмайды. Көп жағдайда экономикалық өсу қарқындарын, жалпы Ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын анықтайды.

Аталып отырған мәселені шешу мақсатында шағын кәсіпорындардың қаржылық шаруашылық қызметтерін ақпараттық қамтамасыз етудің қажеттілігін ескере отырып заңды тұлғалар сияқты жеке кәсіпкерлер де бухгалтерлік есепті жүргізу қажет екені дәлелденді.

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР-ның заңына сәйкес, Қазақстан Республикасында жұмыс жасайтын заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар яғни, шаруашылық жүргізуші субъектілері шаруашылық операция жүргізу кезінде құқықтық тәртіпке сай жауапкершілік танытып, бухгалтерлік есеп жүргізуге және ұйымдастыруға міндетті.

Осыған сәйкес «шағын кәсіпорын» категориясының бухгалтерлік негіздері мен құқықтарын өңдеу негізінде, бухгалтерлік есептің теориялық негіздері мен қолданыстағы заңнамаларға сәйкес шағын кәсіпорынға келесідей анықтама беруге болады.

Шағын кәсіпорын –бухгалтерлік есептің жеңілдетілген жүйесі жатқан ақпаратпен қамтамасыз ету негізінде, активтердің баланстық құны, өткізілген тауарлардан түсімдер, жұмыскерлердің орташа саны, құрылтайшылардың құрамын тіркеу бойынша шектеу бар, қызметінің негізгі мақсаты табыс табу болып табылатын экономикалық субъект.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңына байланысты бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін реттейтін, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың жаңа принциптері, негізгі сапалық сипаттамалары мен ережелері белгіленді [2]. Ірі бизнес субъектілеріне қолданылатын халықаралық қаржылық есеп стандарттарымен (ХҚЕС) қатар, шағын және орта бизнес субъектілеріне ұлттық стандарттар енгізілуі керсетілген. Осы заңға сәйкес шағын бизнес субъектілерінде іс-әрекет ету аясы ашып белгіленген. Әрбір топ үшін бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың бір тәртібі белгіленеді.

Экономиканың аталмыш секторын қолдау барысында біршама шаралардың жүргізіліп жатқаны баршамызға аян. Атап айтқанда, олардың іс әрекет барысына ықпал ететін нормативтік құжаттар қабылданып, жұмыс жасауда. Салық Кодексіне өзгертулер енгізіліп, шағын бизнес субъектілеріне салық салудың арнайы режимі қарастырылып, банктер тарапынан әр түрлі мерзімге несиелер берілуде, т.с.с. Осындай нәтижелерді одан әрі жетілдіру барысында жекелеген қағидаларды басшылыққа ала отырып, жұмыс жасауымыз керек.

Шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін табыс етудің төмендегі тәртіптерінің біреуін ғана дербес таңдауға құқылы: 1) жалпыға бірдей белгіленген тәртіп; 2) патент негізіндегі арнаулы салық режимі; 3) оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі. Жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауысқан кезде жалпыға бірдей белгіленген тәртіп күнтізбелік екі жыл қолданылғаннан кейін ғана арнаулы салық режиміне қайта ауысуға болады.

Арнаулы салық режимі:[3]

- шағын бизнес субъектілері үшін;
- шаруа немесе фермерлік қожалықтар үшін;
- ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін.

Бір жолғы талон, немесе патент негізінде салық заңнамасына сәйкес арнайы салық режимі қолданлатын жеке кәсіпкерлер (жылдық табысы 200-айлық ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайтын) бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жүзеге асыруға құқылы. Шаруа (фермер) қожалықтары және салық заңнамасына сәйкес арнайы салық режимін қолданылатын ауылшаруашылығы өнімдерін өндіретін заңды тұлғалар бұған дейін қаржылық есептілікті жасамайтын. Осы заңға сәйкес шаруа (фермер) қожалықтары қаржылық есептілікті қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттына (ҰҚЕС) сәйкес жасауға міндетті.[4]

Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде алынған (алынуға жататын) табыстардың барлық түрлерінен тұратын салық кезеңі ішіндегі табыс патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін салық салу объектісі болып табылады. Арнайы салықтық режимнің күші келесідей қызмет түрлеріне қолданбайды:[8]

- акциздік өнімдерді өндіру;
- кеңес беру, қаржылық, бухгалтерлік қызметтер;
- мұнай өнімдерін сату;
- лотереяларды ұйымдастыру және өткізу;
- шыны ыдыстарды жинау және қабылдау;
- жер қойнауларын пайдалану.

2023 жылдан бастап арнаулы салық режимдерін қолдану бойынша тыйым салынған қызмет түрлерінің тізбесіне мыналар қосылды:

- маркетингтік қызметтер;
- сауда нарығын жалға алу және пайдалану;
- кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын меншікті жылжымайтын мүлікті (тұрғын үйлерді қоспағанда) жалға беру және басқару;
- сауда объектілерін (сауда базарларын) қосалқы жалға беру және осындай жалға алынған объектілерді басқару;

Арнаулы салық режимінде салықты төлеу 2 тәсіл бойынша жүзеге асырылады:

- патент бойынша (егер де жалғыз өзі жұмыс жасаса)
- оңайлатылған декларация бойынша (жалдамалы жұмысшылар пайдаланса)

Патент негізіндегі арнаулы салық режимін келесідей талаптарға сай келетін: 1) жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын; 2) жеке кәсіпкерлік нысанындағы қызметті жүзеге асыратын; 3) салық кезеңіндегі табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 3528 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын дара кәсіпкерлер қолданады.

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі мынадай шарттарға сай келетін шағын бизнес субъектілері тапсырады: дара кәсіпкерлер: дара кәсіпкердің өзін қоса алғанда, қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде отыз адам болса; салық кезеңі ішінде шекті табысы 24038 айлық есептік көрсеткішті құраса.[3]

Шаруа немесе фермер қожалықтары белгіленген арнаулы салық режимін немесе жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті дербес таңдауға құқылы 2. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін көздейді және акцизделетін өнімдерді өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және оны өткізу жөніндегі шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметіне қолданылады. 3. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде, бірыңғай жер салығын төлеушілер кірістер мен шығыстардың, мүліктің бөлек есебін жүргізуге және белгіленген тәртіппен көрсетілген қызмет түрлері бойынша тиісті салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді және төлеуді жүргізуге міндетті.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне енгізілген өзгерістерге байланысты 2023 жылдан бастап арнайы салық режимі бойынша әрекет ететін (оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер және шаруа қожалықтары үшін арнаулы салық режимі негізінде) дара және шағын кәсіпорындар жалақыдан бір реттік төлемді қолдана алады. Жалақыдан бір реттік төлемді пайдалану – салық агентінің таңдауы. Осылайша, салық агенті қызметкерлермен есеп айырысуды режим бойынша «жалпы белгіленген» тәртіппен немесе жалақыдан бір реттік төлемді пайдалана отырып жүргізуді анықтайды.

2023 жылы жалақыдан бір реттік төлем мөлшерлемесі 20% деңгейінде белгіленді, алдағы уақытта ұлғайту жоспарлануда:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 20,0%;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 21,5%;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 23,8%;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 24,8%;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 25,8%.
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 26,3%

Жалақыдан бір реттік төлем төлеу қызметкерлердің кірістерінен төленетін барлық салықтар мен төлемдерді төлеуді білдіреді: жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті медициналық сақтандыру жарналары. Бұл қызметкерлердің есептерінен төленеді, сонымен қатар, бір реттік төлемге әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар кіреді. Бұл салықтарды жұмыс беруші өз есебінен төлейді.

Бір реттік төлем шеңберінде жеке табыс салығының ставкасы (ЖТС) 2023 жылы оның кезең-кезеңімен төмендеуімен 9%-ды құрайтыны белгіленді:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 9,0 %;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 8,4 %;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 7,6 %;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 7,3 %;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 7,0 %;
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 6,9 %.

Осылайша, қызметкерлердің табысына салық салудың жаңа тәртібін қолдану салықтарды, жарналарды және жалақыдан аударымдарды басқаша есептеуді көздейді.

Жаңадан қабылданған Салық кодексінде салықтық ставкалардың мөлшері төмендесе де, ҚҚС, әлеуметтік салық, корпоративтік табыс салығы, елімізде кейбір мәселелер шешімін таппай келеді.[5] Атап айтқанда көлеңкелі экономика өзінің маңыздылығымен қалып отыр, сонымен қатар шағын кәсіпорындардың бір бөлігі өздерінің табыстарын көрсетпей, салық төлеуден жалтаруда. Аталған мәселелерді шешу жолдарын ұсынар болсам:

- Салықтардың көлемі мен міндетті төлемдерді азайту;
- ҚҚС ставкасын 8-10% дейін төмендету;
- Салық заңдылығының кез келген заңды және жеке тұлғалар үшін түсінікті болуы;
- Салықтық төлемдер санын мейілінше қысқарту;
- Салықтық тексерулердің жиілігін болдырмау.

Шағын бизнесті дамыту барысында салықтық ставкалар мен салық заңнамалары үлкен кедергі болып табылады. Ал, салық мәселесін шешу арқылы шағын бизнестің дамуына демеу беруге болады. Яғни, кәсіпкерлер өз кәсібінде мемлекет барлық проблемаларын шешіп беруін күтпей, өзін бизнесте сынап көруге, елде жасалып жатқан экономикалық өзгерістерге толыққанды қатысушыға айналуына жағдай туғызуымыз керек. Себебі бүгінгі күннің міндеті - ұсақ кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерді орта деңгейге көшіру үшін жағдай және алғышарттар қалыптастыру.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» 2021ж. - 28 қыркүйек.
2. 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-ІІІ ҚР-ң «Бухгалтерлік есеп және қарғылық есеп беру туралы» Заңы.
3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 85-VII Заңы
4. А.Қ.Шарипов «Салық есебі». Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2009ж.
5. Нұрақым Райхан «Шағын кәсіпкерлік: кеше мен бүгін» // Ақиқат №5 – 2005 – 46-47б.

6. Қарабаева Қ., Глеубергенова М. «Қазақстан Республикасында шағын бизнесті дамыту».
7. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы.

## **ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ТҰРАҚТЫ ШЫҒЫНДАРДЫ БӨЛУ**

*Қалназар Мирас,*

*Л.Н.Гумилев ат.Еуразия ұлттық университетінің  
Есеп және аудит мамандығының 4-курс студенті, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Жолаева М.А.*

***Аннотация.** Цифрлық технологиялар мен ұйымдастырушылық құралдарды қолдана отырып, өндірістік фирмалардың тұрақты шығындарын азайту жолдары қарастырылуда.*

***Түйінді сөздер:** тұрақты шығындар, шығындар, мүлік, айналым, капитал, калибрлі әсер.*

### **DISTRIBUTION OF FIXED COSTS IN THE DIGITAL ECONOMY**

*Kalnazar Miras,*

*A 4th year student in specialization  
"Accounting and Auditing" profile  
Faculty of Economics*

*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan  
Scientific adviser - Zholaeva M. A.*

***Annotation.** Ways to reduce the fixed costs of manufacturing firms using digital technologies and organizational tools are being considered.*

***Keywords:** fixed costs, costs, property, turnover, capital, caliber impact.*

Мемлекеттің, қоғамның барлық салаларын барған сайын ауқымды цифрландыру экономиканың ашықтығын арттырады. Бұл, бір жағынан, сәтті алдын-ала шешімдерді көшіруді жеңілдетеді, ал екінші жағынан, қадағалау мен салық қысымын күшейтеді. Мұның бәрі күшейе түседі әлемдік экономиканың жаһандық шекараларға жеткен кезде оның көлемін кеңейту мүмкін барлық аймақтық нарықтарға сөзсіз әсер ететін нарық.

Бұл жағдайда негізгі құралдарға салынған капитал айналымының баяулауын күтуге болады және оларды шығын көзіне айналдыру. Бұл мүліктен қашуды тудыруы мүмкін, оның кейбір белгілері қазіргі уақытта қазірдің өзінде көрінеді. Цифрлық экономикадағы тұрақты шығындарды басқару зерттелуде. Тұрақты шығындардың негізгі түрі негізгі құралдардың осындай элементіне шығындар болады деген қорытынды жасайды

Экономиканың барлық субъектілері үшін қол жетімді болатын "есептегіш". Бұл олардың кәсіпкерлік қызметінің барынша жабық болуына әкеліп соғады және оларды "гараж" экономикасына көшуге мәжбүр етеді.

Мақаланың негізгі ережелері мен тұжырымдары ғылыми және педагогикалық қызметте қолданылуы мүмкін өндірістік фирмалардың мәні мен даму тенденциялары туралы мәселелерді қарастыру.

Тұрақты шығындар кез-келген экономикалық қызметке тән, олар нарыққа кірудегі кедергілердің бірі және сонымен бірге өндірісті жалғастыруға кедергі болатын белсенділік болып табылады. Осыған байланысты тұрақты шығындарды басқару маңызды міндет болып табылады, оны шешу үшін төртіншісінің әсерінен олардың өзгеруінің негізгі тенденцияларын қарастыру қажет.

Тұрақты шығындарға келесі төлемдер кіреді:

1. Негізгі капиталдың тозған бөлігін қалпына келтіру үшін қажетті шығындар.
2. Ішкі және сыртқы субъектілерге төлемдер, олардың мөлшері өндіріс көлеміне байланысты: компанияның қызмет көрсету құрылымдары (бухгалтерлік есеп, қауіпсіздік